

ӘОЖ

Р.С. Жақсылықбаева

Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: jak-rimma@mail.ru

Қазіргі қазақ баспасөзінің дамуы мен өзекті мәселелері

Мақалада қазіргі қазақ баспасөзінің жай-күйі мен өзекті мәселерінің маңызды тұстары нақты дәйектер арқылы сарапқа салына отырып, өзіндік ой, тұжырым беріледі. Автор дәстүрлі баспасөздің жүзеге асырылуға тиісті бірнеше мәселелерін көрсете отырып, журналистік сыни пайым жасайды.

Түйін сөздер: журналист, масс-медиа, интернет, БАҚ, заң, оқырман, мақала.

R.S. Zhaksylykbaeva

Actual problems and perspectives of modern Kazakh Print

The article deals with current problems and prospects of modern Kazakh printing. Analyzing the activity of traditional media, the author critically assesses the impact of journalism.

Keywords: journalist, mass media, internet, media, law, reader, art.

Р.С. Жақсылықбаева

Актуальные проблемы и перспективы развития современной казахской печати

В статье рассматриваются актуальные проблемы и перспективы развития современной казахской печати. Анализируя деятельность традиционных средств массовой информации, автор критически оценивает результативность журналистики.

Ключевые слова: журналист, масс-медиа, интернет, СМИ, права, читатель, статья.

Introduction

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры болып табылады. Қазіргі заманға зерттеушілер түрлі анықтама беруде: біріншілері «жаһандану ғасыры» деп атаса, екіншілері «постмодернистік», үшіншілері «ақпараттық» қоғам деп баға беруде. Бір анығы, біз ақпараттанған қоғамда өмір сүріп жатырмыз. «Бүгінгі жаһанданған әлемдегі технологиялық инновацияның шарықтаған заманында: интернет, спутниктік байланыс арқылы мәтін, аудио, видеоақпараттардың тез арада әлемге таралуы, олардың географиялық, экономикалық, рухани аймақ шекарасынан шығып кетуі осының айғағы» [1].

Main body

Осы тұста бұқаралық ақпарат құралдарының бірнеше мәселелерін қамтып өткенді жөн

көрдік. XXI ғасырда коммуникация құралдарын бір арнаға тоғыстырған интернет пайда болды. Бұл жаңа медиаға (ақпараттың компьютер мен коммуникациялық технологиялардың, компьютермен лайықталған құрылғылар мен Интернеттің интерактивті қызметтері арқылы таралуы – wikipedia.org) жол ашты. Отандық интернет желісі Қазнет-тің жандануы нәтижесінде жаңа медиа арналары дамыды. Қазақ желілік ақпараттар орталығының мәліметінше, КЗ және КАЗ домендерімен тіркелген домендердің саны бүгінгі таңда 95 мыңға жеткен. Елімізде интернеттің қолдану аясы 60 пайызға жеткен. Елімізде 2013 жылдан бері «Ақпараттық Қазақстан – 2013» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Ондағы тапсырмалардың бірі – Қазақстанның ақпараттық кеңістігін дамыту. Осының аясында 2013 жылы мемлекет қолдауымен 250 БАҚ интернетке өтті» [2].

Алайда, интернеттегі блогтар мен сайттарды кейбір елдер дәстүрлі БАҚ-тарға теңестірсе де, Батыс елдерінде әрқилы әлеуметтік желілерді бейресми «дәстүрден тыс, әлеуметтік журналистикаға» балап жүр. Кейде жеке блогтарда таратылған ақпараттар дәстүрлі БАҚ-тардың мәліметтерінен де қызығырақ оқылады. Бірақ бұл жайт, дәстүрлі журналистиканың орнын әлеуметтік желілер басады деген сөзге жақындау келеді. Мамандардың айтуынша, бұл қауесет сөз болып отыр. Себебі, дәстүрлі, кәсіби журналистиканың орнын белгілі мамандығы мен шеберлігі жоқ әлеуметтік желілер өкілдері ешқашан да баса алмайды. Бұл жөнінде Америка сарапшысы Кеннет Крушель: «Журналистика – ең алдымен, үлкен өнер, киелі қызмет, жауапкершілік. Бұл тек жаза білу дегенді білдірмейді. Әрине, көп адамдар өз блогтарында мәлімет таратады, өздерін журналист ретінде көрсеткісі келеді. Бірақ бұл журналистика ма? Жоқ, олай емес. Кәсіби журналистер мен дәстүрлі БАҚ-тар тұрақты түрде ақпаратты сараптау, талдау жұмыстарымен айналысады, бұл элиталық қызметті атқарып отырған журналистер, редакторлар сізге ақпарат бере отырып, ойыңызға бір нәрсені таңбайды, тек мағлұмат береді...», – дейді [3].

Интернет БАҚ-тардағы аудиториямен байланыстың оңтайлы әдістерінің болуы ақпарат тұтынушыларының ой мен сөз еркіндігіне мүмкіндік берді. Мәселен, тұрақты жұмыс жасап жатқан Abai.kz ақпараттық порталы, «Мінбер» ұлттық интернет газеті, «Замандас», Masa.kz, Bag.kz секілді сайттарда түсіндірме, түсініктеме түрінде тіпті жазушылардың өздері ашық пікірталасқа барып, айтысып жатады. Не болмаса, материал туралы өз ойларын ортаға салады. Мұның өзі белгілі бір деңгейде сөз еркіндігі бар екенін аңғартады. Алайда, кейде сол еркіндікті артық пайдаланып кетіп жататындар табылады. Бір сөзбен айтқанда, этикалық нормадан ауытқып жатқан сан пікірлерді көруімізге болады.

IX Еуразиялық медиа форумда Интернетті реттеуге қатысты ЕҚЫҰ-ның сөз бостандығы жөніндегі бұрынғы өкілі Миклош Харашти: «Егерде қоғам демократияны қаласа, онда интернетті реттеуден бас тартуы тиіс. Себебі, бүгінде интернет плюрализмнің, ой еркіндігінің соңғы көзі болып отыр», – деп өз алаңдаушылығын білдірсе, өзге сарапшылар интернетте бейәдеби, қоғамдық қауіпті

ақпараттардың таралмауын заңмен қадағалау керек деген пікірде болды.

Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» (2009 жылғы 6 ақпанда өзгертілген) Заңға сәйкес, Қазақстандағы интернет-ресурстары, атап айтқанда, портал, форум, блог, чат, WAP-портал, интернет-телевизи-ясы дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына теңестірілді. Демек, жаңа медиа БАҚ дәрежесіне теңестіріліп, үлкен мән берілді. «Ендігі уақытта, интернет-ресурстарына басқа БАҚ секілді аса жауаптылықпен қарап, сапасыз дүниелермен былапыттай беруге болмайтыны анық. Журналистиканың таралу түрі ауысса да, оның халық алдындағы мақсат-міндеттері өзгерген жоқ. Яғни, интернет-журналистика еліміздің дамуына, қоғамдық өмірдің қай саласы туралы сөз қозғалса да, аса кірпияздықпен, сауаттылықпен, байыптылықпен болжам-байламдар жасауы тиіс.

Бүгінге дейін қазақ тілінде шығатын газет-журналдардың қай-қайсысын алсақ та, қандай мәселе көтерсе де, ұлттық мүддені назардан тыс қалдырған емес. Қазақтың тілін жоқтайтын да, қазақтың мұңын мұңдайтын да – қазақ газеттері. Қазақ газеттерінің ешқайсысы ұлт араздығын қоздыратын материалдарға жол берген емес. Осы тұста екінші мәселе ретінде ұлттық баспасөздердің жабылуын айтар едік.

Жыл басында ең бірінші болып, «Нұр Астана» газеті жабылып, оның орнын интернет-сайт басты. Арада көп уақыт өтпей жатып, таралымы өте көп газеттердің қатарындағы «Дала мен қала» газеті де жабылды. Одан кейінгі кезек «Алаш айнасына» келді. Күнделікті газеттің жабылуына себеп – қаржы үнемдеу болуы мүмкін. Өйткені, күнделікті газеттің шығыны да көп болады. Дамыған мемлекеттердің өзінде күнделікті және апталық газеттердің құны жоғары. Таңғы асын газет-журналдарсыз ішпейтін америкалықтар да, еуропалықтар да көптеп табылады. Тіпті, дамыған Жапонияның өзінде де газет-журнал алдыңғы кезекте тұр. Осы тұста белгілі саясаттанушы Дос Көшім: «...қазақтілді журналдардың, интернетте сайттардың көптеп ашылғанынан қорқамын. Бұл да – ойын. 100 000 тиражы бар газеттен гөрі, 10 000 тиражы бар газетті ашып қойған дұрыс. Тиражы 10 000-ды құраған газет бәрінің қолына жетпейді. Яғни, таңдау болады...», – деген пікірін құптауымызға болады [4].

2014 жылдың 17 наурызынан төрт жыл бойы көрерменін жақсы хабарларымен қуантқан

«Еларна» өзінің таратылуын тоқтатты. Арнаның аяқ асты жабылғаны көпшілікті елең еткізгені рас. Ал, министр Ерболат Досаев мұның себебін: «Еларнаға» екі миллиард теңге бөлініп, рейтинг бойынша 300 миллион ғана жинайтындығымен» түсіндірген еді.

Кезінде «Егемен Қазақстан» газетінің 2006 жылғы 6 қаңтарында жазушы Смағұл Елубай «Ел боламын десек, экраныңды түзе» мақаласында: «Бүгінде экран, әсіресе, телеэкран адамзаттың негізгі ақпарат көзі. Газет, кітап ондаған, жүздеген мыңға жетпей шаршап-шалдығып жатса, заманауи экран құлашы кең, ол ондаған, жүздеген миллионды бір-ақ қарамайды. Демек, қазіргі ұлт үлкен экранды игермей, замана додасына төтеп бере алмақ емес. Тілден бастау алатын ұлттық санаға ие болғыңыз келсе, үлкен экранға ие болыңыз. Кино мен телевидениеге ие болыңыз. Экран – тарихты тірілтудің, тарихи сананы қалыптастырудың ең ғажайып құралы. Ұлтты таныстырудың, насихаттаудың теңдессіз құралы...», – деп жазған еді.

Қалай десек те, дәстүрлі журналистиканың бәсекелестігін арттыруда әлеуметтік желілерді жаугерлік сипатта емес, әріптестік негізде дамыту керек. Бір сөзбен айтқанда, дәстүрлі БАҚ қалу керек!

Үшінші мәселе, бүгінде қазақстандық масс-медиа идеялық тұрғыдан қазақтілді және орыстілді БАҚ болып екі топқа жіктелген. Осы қос ақпарат өзара бәсекелес, тұғырнамасы бір-бірінен алшақ болғандықтан, кейде қайшылыққа түсіп жатады. Бұл – қазіргі қазақ масс-медиа алаңындағы көп сұраққа толы өзекті жайт. Отандық масс-медиа кеңістігінде қазақтілді және орыстілді БАҚ саны біркелкі емес. «Қазір елімізде 2514 газет пен журнал, 238 электронды БАҚ, оның ішінде 100 телеарна мен радиостансы бар екен. Жалпы, 2011 жылғы дерек бойынша, отандық масс-медиа кеңістігіндегі қазақтілді БАҚ үлесі 19,1%-ды құраған болса, орыстілді БАҚ – 33,4%, ал қазақ және орыс тілдерінде БАҚ үлесі 35%-ды құрады. Бұдан қазақ тілді БАҚ-тың пайыздық үлес салмағы әлі де олқы түсіп жатқанын байқаймыз» [5].

Қазақтілді журналистер ешкімнен кем емес. Дегенмен, қазақтілді ақпарат құралдары орыстілді ақпарат құралдарымен салыстырғанда төмен деген қоғамдық пікір қалыптасқан. Бұл пікірді өздері қазақша білмейтін, өздері оқымай, бірақ, осындай пікірді ұстанған адамдар қалыптастырған сияқты. Осы мәселе

төңірегінде «Мысль» журналының бас редакторы Сейдахмет Құттықадам: «Шынымен де, қазақ және орыстілді журналистика арасында айырмашылықтар бар. Кеңістікке байланысты айтсақ, орыстілді басылымдардың кеңістігі кеңдеу. Көптеген мәселелер қозғалып жатады. Қазақтілді кеңістік тарлау. Тек қана Қазақстанның өзінде 3/1-ін ғана құрайды. Сол себепті ол бізге, кейде, әсерін тигізіп жатады. Міне, осы мәселелерді шешу үшін, қазақ журналистеріне біріншіден, білім болса, екіншіден, батылдық қажет. Олар ешнәрседен қорықпай, түрлі даулы конференциялар, талқылауларға қатысу керек. Сескенуді қоюы тиіс. Ғылымға, не мәдениетке, экономикаға байланысты конференциялардан қазақ журналистері қалмау тиіс. Бұл міндетті түрде қазақ баспасөзінің мүмкіндігін ашатын, байытатын жағдайлар», – деп жан-жақты тарапты айтып береді.

Үлкенді сыйлап, өзгені құрметтей білетін қазақ журналистерінің бойында ұяндықтың да белгісі бар екендігі рас. Ал, орыс журналистері қай кезде де еркін. Сондай-ақ, бір мәселені еліміздегі қазақ газеттері де, орыс газеттері де талқылап жазса, жауап ең алдымен, орыс газеттеріне беріледі. Үкіметіміз қазақ газеттеріне көп жағдайда, жауап бермей қоя салады. Сондықтан, орыстілді басылымдарымыз бұны жақсы біліп алған.

1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының 25 бабында: «...зорлық пен порнографияны насихаттап, үгіттейтін хабарларды таратқаны үшін, олардың алынған көздеріне қарамастан Қазақстан Республикасы заң актілерінде белгіленген жауаптылықта болады», – делінген. Алайда, Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат туралы» Заңының дұрыс орындалмай отырғандығы БАҚ-тағы төртінші мәселе.

Заңның аясынан шығып отырған бет-бетімен кеткен сары басылымдар мен бейпіл ауыз басылымдар екені жасырын емес. Бұл жөнінде баспасөз беттерінде біраз мақалалар шығып, байыпты ой білдіріп те жатыр. Солардың бірі ретінде «Ана тілі» газетінің 5 көкек 2007 жылғы санында жарық көрген Асылхан Мамашұлының «Бәдік айтты, бет күйген жоқ» десек те бейпіл газетшелер халыққа белден зиян жасап отыр» деген мақаласын атап өтуімізге болады. Автор қазақ тілді басылымдар таралымының аздығы мен жұртшылықтың газет оқымауына басты

себепті былайша көрсетеді: «Қалың бұқара ең көп жүретін жай базар мен жайма базардағы сатушы мен сатып алушының көз сүзіп, сырғыта оқып тұрғаны «қазақ бейпілсары газеттерінің» өнімі», – дей келіп, Оңтүстік облысында шығатын «Тазша», «Құпия сыр», «Қызық-ай», «Ақ отау», «Сен+Мен», «Ләззат», «Дүбірлі дүние» т.с.с. сары басылымдардың сапасыз дүниелеріне сын пікірін білдіреді.

Бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарының бесінші мәселесі шығармашылық сөз мәдениетін қалыптастыру. Осы төңіректе «Қазақ әдебиеті» газетінің 19 сәуір 2013 жылғы санында Қорабай Шәкіровтың «Авгейдің атқорасына» қайта оралайық» мақаласында айтылған ойлар рухани жан дүниемізге әсер етпей қоймайды.

«Тіл білмеген адамға «Неге қазақ тілін үйренбейсің?» десек, оның адамгершілік құқығын таптаған болып шығады екенбіз. Сол сөзіміз үшін соттасуға дейін барады. Ал заң жүзінде қазақ тілінде құжат толтырылмаса, мән бермейміз. Талап етпейміз. «Тілді ұлықтау туралы сөз қозғалса, өзімізді кінәлі адамдай сезініп,

біреу жазалайтындай үрейленеміз. Яғни, таяқтың екі ұшын теең ұстап тұрған жоқпыз. Оның шетін басатын өзіміз және екінші шеті өзге емес, өз шекемізге тиіп жатыр.

Results

Әлеуметтік желілерде көп талқыланып, қоғамда пікірталас тудырған бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – журналистердің мемлекет тарапынан қарастырылатын әлеуметтік жеңілдіктерге мұқтаждықтары және олардың құқықтарының конституция шеңберінде қорғалуы әрі қадағалануы.

Жалпы, БАҚ-пен тіл табысып, сауатты, шындыққа негізделген әрі дер кезінде берілген толық ақпарат арқылы өзіне жұртшылықты қызықтыру да – өнер. Ол үшін қойылар басты талаптар: шыншылдық, ашықтық, ақпараттық жаңашылдық, әлеуметтік жауапкершілік және қоғамдық пікірге құрмет. Ал, бұл талаптар еліміздегі БАҚ құралдары мәселелерінің шешілуі арқылы ғана жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

- 1 Алиев Ш. Ақпараттық қоғам: әлеуметтік басқарудың қазіргі заманғы концепцияларының философиялық қырлары. <http://www.group-global.org>.
- 2 Айтжанбай Г. Жаңа Медианың ықпалы артып келеді // Айқын, 19 қыркүйек 2013.
- 3 Тасболат К. Қазақ журналистерінің мәселесі тағы да тасада қалды... // Айқын, 29 сәуір 2010.
- 4 Ислямбек А. Қазақ баспасөзінің әлемдегі әлеуеті қандай немесе қазақ БАҚ-ы әлемдік БАҚ-пен бәсекелестікке қабілетті ме? 5 ақпан 2013. <http://www.Қамшы.KZ>.
- 5 Сағидоллаұлы Қ. Қазақтілді және орыстілді БАҚ арасында идеялық бәсеке бар ма? // Алаш айнасы, 29 маусым, 2012.

References

- 1 Aliew S. Akparattik kogam: aleumettik baskarydin kasirqi samangi konsepsialarinin filosofialik kirlari. <http://www.group-global.org>.
- 2 Aitsanbai G. Sana Medianin ikpali artip keledi // Aikin, 19 kirkyiek 2013.
- 3 Tasbolat K. Kasak surnalisterinin maselesi tagi da tasada kaldi... // Aikin, 29 sauir 2010.
- 4 Islambek A. Kasak baspasosinin alemdegi aleueti kandai nemese kasak BAK-i alemdik BAK-pen basekelestikke kabilette me? 5 akpan 2013. <http://www.Қамшы.KZ>.
- 5 Sagidollauli K. Kasaktildi sane oristildi BAK arasinda idealik baseke bar ma? // Alas ainasi, 29 maysim, 2012.